

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 6 – 10 сәуір



2026 жылғы 6 – 10 сәуір

Аптаның негізгі тақырыптары

01



Нарықтар әлі демалып
үлгермеді: мұнай тәуекел
тепе-теңдігін қайтадан
өзгертіп отыр

02



Алтын: «қорғаныс
активінің» классикалық
логикасының бұзылуы

03



Қор нарықтары:
пайданың есебінен
тұрақтылық және
макроэкономикалық
жағдайларға
тәуелділіктің артуы

Нарықтар әлі демалып үлгермеді: мұнай тәуекел тепе-теңдігін қайтадан өзгертіп отыр

Өткен апта өте сирек кездесетін оң динамиканы қалыптастырды: Таяу Шығыстағы бітім тәуекел сыйақысын төмендетті, мұнай 13-15%-ға түзетілді, ал жаһандық қор индекстері синхронды өсім (бір аптада 3-5%-ға дейін және екі аптада 6-9%-ға дейін) көрсетті.

Бұл қалпына келу көбіне техникалық сипатта болды – наурыз айындағы күрт төмендеуден кейінгі қайтарым. Алайда демалыс күндері жағдай түбегейлі өзгерді: Ормуз бұғазын қоршау туралы хабарлама әлемдік мұнай мен сұйытылған газ жеткізілімінің 20%-ына дейінгі бөлігін қайтадан қауіпке тікті.

Дүйсенбі күні таңертең нарық тәуекелдің жаңа кезеңін бағалай бастады: мұнай барреліне 100 доллардан асып түсті (күніне шамамен +7% өсім), мемлекеттік облигациялар кірістілігі шамамен 2-3 базистік тармаққа көтерілді, ал акция фьючерстері 0,6-0,7%-ға төмендеді. Бұл ретте ден қою әлі де қалыпты деңгейде қалып отыр – бұл маңызды белгі. Инвесторлар бұл әрекетті тұрақты ұсыныс күйзелісі емес, келіссөздер стратегиясының бір бөлігі ретінде қабылдауда. Дегенмен мұнайдың үш таңбалы деңгейге оралуының өзі тәуекелдер тепе-теңдігін өзгертеді: жоғары бағалардың әр күні инфляциялық қысымды күшейтіп, жаһандық өсімнің тұрақтылығын әлсіретеді.

Негізгі индекстер			
Атауы	1-апта	1-ай	ҮТД
KASE	0,02%	-0,61%	10,01%
S&P 500	3,10%	2,78%	-0,42%
Nasdaq	4,12%	3,61%	-1,46%
Басқа индекстер			
Nasdaq 100	3,82%	3,02%	-0,53%
Dow Jones	2,67%	2,92%	-0,31%
Борыштық нарық			
АҚШ 10 жылдық	0,05%	1,21%	4,43%
АҚШ 30 жылдық	0,82%	0,45%	2,07%
Валюталық индекс			
USD индексі	-1,06%	-1,44%	0,61%
Тауарлар			
Алтын	1,26%	-6,28%	8,15%
Күміс	2,05%	-8,61%	5,30%
Brent маркалы мұнай	-7,02%	-1,05%	67,72%
Криптовалюта			
BTC/USD	2,90%	-0,49%	-19,25%

Алтын: «қорғаныс активінің» классикалық логикасының бұзылуы

Алтынның қазіргі динамикасы – нарықтағы ең көрсеткішті элементтерінің бірі. Классикалық модельде геосаяси тәуекелдердің өсуі металл бағасының тұрақты өсуімен қатар жүруі тиіс. Алайда іс жүзінде қақтығыс басталғалы бері алтын шамамен 10%-ға төмендеді, ал дүйсенбі күні жағдайдың шиеленіскеніне қарамастан, қайтадан қысымға ұшырады.

Себебі – басым фактордың өзгеруі. Нарық «қорғаныс іздеуден» инфляция мен пайыздық мөлшерлемелерге назар аударуға көшті. Энергия бағасының өсуі инфляциялық күтулерді күшейтеді, бұл жоғары мөлшерлемелердің сақталуы, тіпті қосымша көтерілу ықтималдығын арттырады. Алтын үшін бұл теріс фактор, өйткені ол табыс әкелмейді және тұрақты табысы бар құралдармен салыстырғанда тартымдылығы төмендейді. Доллардың нығаюы қосымша қысым көрсетуде.

Бұл ретте алтынның күрт құлдырауын көрсетпеуі маңызды – ол белгілі бір диапозонда қалып, экономиканың баяулауына қатысты күтулер аясында ішінара қалпына келіп отыр. Бұл күрделі, бірақ маңызды көрініс қалыптастырады: нарық дүрбелең күйінде емес, бірақ тәуекелдерді де елемей отырған жоқ. Осы тұрғыда алтын режимнің өзгеруінің алда жүретін индикаторына айналады: оның тұрақты өсуі қорғану күйіне көшуді білдірсе, ал қазіргі әлсіздік геосаясаттан гөрі макроэкономикалық факторлардың басымдығын көрсетеді.

Цена на золото падает на фоне усиления опасений по поводу инфляции из-за энергетического кризиса.

Цена на драгоценный металл снизилась примерно на 10% с начала войны с Ираном.

— спотовое золото



Источник: Bloomberg

Қор нарықтары: пайданың есебінен тұрақтылық және макроэкономикалық жағдайларға тәуелділіктің артуы

Соңғы апталардағы қор нарықтарының қалпына келуі көбіне іргелі болжамдарға негізделген: АҚШ компанияларының бірінші тоқсандағы кірістерінің болжамды өсімі шамамен 12% деңгейінде қалып отыр, бұл бағалауға негізгі қолдау көрсетеді.

Осы фактор апта басында жаңалықтар ағыны нашарлағанына қарамастан, төмендеудің шектеулі болуын түсіндіреді.

Алайда нарық құрылымы барған сайын осал бола түсуде. Біріншіден, мұнай бағасының өсуі инфляциялық күтулерді күшейтеді, бұл пайыздық мөлшерлемелер траекториясына тікелей әсер етіп, мультипликаторлардың кеңею әлеуетін шектейді. Екіншіден, макроэкономикалық белгілер баяулауды меңзейді: ЖІӨ өсімінің 0,5%-ға дейін қайта оралуы және тұтынушылық көңіл күйдің нашарлауы алдағы тоқсандарда сұраныстың әлсіреу қаупін арттырады.

Осылайша, нарық өтпелі кезеңде тұр. Бір жағынан, корпоративтік нәтижелер мен олардың өсуіне қатысты күтулер тарапынан қолдау сақталып отыр. Екінші жағынан сыртқы факторларға – шикізат динамикасына, инфляцияға және геосаясатқа тәуелділік күшейіп келеді.

Қазіргі базалық сценарий – жоғары құбылмалылықтың сақталуы және диапазондық динамика, мұнда қысқамерзімді қозғалыстар іргелі трендтерден гөрі жаңалықтармен айқындалады.

Шолуды дайындаған: Ануарбеков Алдияр



<https://www.bcc-invest.kz/>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты «BCC Invest» АҚ қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. «BCC Invest» АҚ мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

«BCC Invest» АҚ ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. «BCC Invest» АҚ ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

«BCC Invest» АҚ олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базистік активтердің сан алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, олар үшін жауапкершілік «BCC Invest» АҚ-қа жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдері түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс. Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және олармен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбас бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. «BCC Invest» АҚ ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының

Қаржы нарығын реттеу және

дамыту агенттігі.

Бағалы қағаздар нарығында

қызметті жүзеге асыруға берілген

10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.